

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

KZ46VPY00029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/RAGE2665>

Бас редакторы – главный редактор

Бегимтаев А. И.

к.полит.н.

Заместитель главного редактора

Шамшудинова Г. Т., *доктор PhD,*

ассоц. профессор

Ответственный секретарь

Турлыбекова А. М., *к.и.н., ассоц. профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Алтыбасарова М. А.,	<i>к.полит.н., доцент;</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия);</i>
Шашкова Я. Ю.,	<i>д.полит.н., профессор, (Россия)</i>
Дронзина Т. А.,	<i>д.полит.н., профессор (София, Болгария)</i>
Абдикакимов М. Т.,	<i>доктор PhD</i>
Ермаханова С. А.,	<i>к.социол.н;</i>
Сағиқызы А.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Кожамжарова М. Ж.,	<i>к.филос.н;</i>
Ахметова Г. Г.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Уызбасва А. А.,	<i>доктор PhD;</i>
Аубакирова С. С.,	<i>доктор PhD</i>
Альмуханов С. Х.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Кадыралиева А. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Манасова М. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Олжабаев Б. Х.,	<i>к.ю.н., ассоц. профессор;</i>
Ишеков К. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Россия);</i>
Таштемханова Р. М.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Азербайев А. Д.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

«МӘДЕНИЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ

FTMAP 13.51.11

<https://doi.org/10.48081/ZNTS7543>***С. Қ. Мұхаметжан**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: mukhametzhansaltanat@gmail.com

МҰРАЖАЙЛАР – ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ МӘДЕНИ ТІРЕГІ

Бұл мақалада мұражайлардың заманауи қоғамдағы орны мен маңыздылығы кеңінен зерттелген. Мұражайлар тарихи мұраны сақтау, мәдени білім беру, әлеуметтік мәселелерді шешу сияқты міндеттерді атқара отырып, заманауи мәдени өмірдің маңызды бөлігіне айналғаны қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада цифрландыру, инклюзия және мәдениеттер арасындағы диалогты дамыту арқылы мұражайлардың жаңа рөлдеріне назар аударылады. Қазақстандағы мұражай ісінің тарихи даму кезеңдері мен қазіргі тенденциялары талданып, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы және сақтаудағы рөліне ерекше мән берілген. Мұражайлардың тек өткеннің куәгері ғана емес, сонымен қатар білім беру, зерттеу және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру орталығы ретіндегі әлеуеті айқындалады. Мақалада мұражайлардың аймақтық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы, шығармашылық кеңістіктер ретіндегі рөлі, сондай-ақ аймақтық және ұлттық деңгейде мәдени туризмді дамытуға ықпалы қарастырылған. Заманауи технологияларды қолдану, инклюзивті орта қалыптастыру және креативті жобаларды жүзеге асыру арқылы мұражайлар өздерінің қоғамға тигізетін әлеуметтік-мәдени ықпалын арттыруда. Қазіргі жаһандық сын-қатерлер аясында мұражайлардың қызметі қайта ойластырылып, олардың әлеуметтік өзгерістерге бейімделуі маңызды орын алады. Қазақстан мұражайларының дамуы олардың заманауи мәдениеттегі орнын нығайтуға бағытталған жаңа мүмкіндіктерді ұсынады.

Кілтті сөздер: мұражай, мәдени мұра, тарихи мұра, цифрландыру, инклюзия, мәдениеттер диалогы, аймақтық бірегейлік, әлеуметтік ықпал, мәдени туризм.

Кіріспе

Мұражай дегендетарихи, көне жәдігерлер, болып кеткен оқиғалармен байланыс келеді. Біздің жадымыз сондай ұшқыр, ол әр заттарға, іс әрекеттерге байланысты ақпараттарды сақтайды, оларды көргенде бірден бізге есімізге келеді. Қазіргі заманғы memory studies тұрғысынан мұражай, бір жағынан, естелік орны ретінде, ал екінші жағынан, тарихи саясат құралы ретінде қарастырылады. П. Нораның айтуынша, мұражай «тарихи жұмыстың негізгі құралдарына және біздің жадымыздың ең символдық нысандарына» жатады [1].

Материалдар мен әдістер

Дегенмен, әдебиеттерде келтірілген мысалдарға сәйкес, қоғамның өткен туралы түсінігін қалыптастыру көздері ретінде мұражайлар оқулықтардан, кинофильмдерден, телебағдарламалардан, mass media-дан және көркем әдебиеттен әлдеқайда төмен орын алады. Бұл жағдайдың себептерінің бірі –мұражайлардың мәдени саясатының теориялық тұрғыдан жеткілікті түрде ойластырылмағандығы. Бірақ, мұражайлар жергілікті және аймақтық деңгейде креативті экономиканы нығайтуда жетекші рөл атқара алады. Сонымен қатар, мұражайлар әлеуметтік салада да маңызды орын алады, пікірталас пен талқылау кеңістік ретінде күрделі әлеуметтік мәселелерді шешуге және қоғамның қатысуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

24 тамызда Прагада өткен ИКОМ-ның 26-шы Бас конференциясы аясында ИКОМ-ның Төтенше Бас ассамблеясы мұражайдың жаңа анықтамасын бекітті. Онда былай айтылады: «Мұражай – бұл коммерциялық емес, қоғамға қызмет ететін тұрақты мекеме, ол материалдық және материалдық емес мұраны зерттейді, жинақтайды, сақтайды, түсіндіреді және көрмелейді. Қоғамға ашық, қолжетімді және инклюзивті мұражайлар әртүрлілік пен тұрақтылықты қолдайды. Олар қоғамдастықтарды этикалық, кәсіби тұрғыда тарта отырып, білім алу, ләззат алу, ойлану және білім алмасу үшін түрлі тәжірибелер ұсынады» [2].

Мұражай – бұл өткеннің айнасы, мәдени мұраның сақтаушысы және болашаққа бағытталған терезе. Ол тек экспонаттардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар білім беру, зерттеу және мәдениетті дамыту орталығы болып табылады. Мұражайлар, әсіресе қазіргі заманғы үлгісінде, орналасқан жерлерінде мәдени, интеллектуалды және ойын-сауық тұжырымдарын

қалыптастыратын мекемелер болып табылады. Олар көбінесе ғылым, көркем шығармашылық және туристік тартымдылық орталықтары ретінде қызмет атқара алады. Мұражайлардың коллекциялары өз жерлерінің беделін көрсететін маңызды құрал болып табылады, дегенмен олардың шығу тегі, құндылығы, репрезентациясы және басқа да аспектілері бойынша көптеген даулар туындайды. Осылайша, түрлі пәндер мен мәселелердің тоғысқан нүктесі ретінде мұражайды мәдениетаралық байланыс үшін бай құралдардың қайнар көзі ретінде қарастыруға болады.

Мұражайдың пайда болуы және дамуы тарихи контекстпен тығыз байланысты. Мұражай – тек ескі заттардың көрмесі емес, ол халықтың байлығын сақтайтын, өткеннің үнін жеткізетін қасиетті орын. Бұл мекеме – халық жадын, тарихи мұраларды сақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды мемлекеттік институт. Сондықтан мұражайларға құрметпен қарап, олардың маңыздылығын терең түсіну қажет. Әлемдік мәдениеттің құндылығы оның әртүрлілігінде жатыр. Әрбір жеке мәдени мұраны сақтау жаһандық тарихи-мәдени үдерістерден қорқуды білдірмейді, керісінше, олардың бірегейлігін тануды қажет етеді. Ең бастысы – мәдени мұраны әртүрлі мәдениеттер арасындағы диалог кеңістігіне енгізу. Бұл тәсіл болашақ дамудың бағыттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. [3, 391].

XXI ғасырда мұражай қызметінің сипаты айтарлықтай өзгеріп, оны «көпфункционалды әлеуметтік институтқа» айналдырды, бұл ICOM тұжырымдамада мұражай анықтамасында көрінеді. Мұражайлардың өз аймағының («кіші Отанының») материалдық емес мұраларын сақтауы және насихаттауы жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен маңызға ие. Дамушы қалалар жағдайында тарихи-мәдени мұраны сақтау қазіргі заманның ғаламдық мәселелерінің бірі болып табылады [4, 55].

Алғашқы мұражайлар қазіргі түсінігіміздегідей емес еді. Олар көбінесе жеке тұлғалардың жинақтаған заттарының жиынтығы болып келген. Мысалы, Ежелгі Египетте фараондар өздерінің жеке заттарын және өнер туындыларын сақтаған. Грецияда философтар мен коллекционерлер өздерінің кабинеттерінде сирек кездесетін заттарды жинап, оларды зерттеген.

Орта ғасырларда мұражайлардың дамуы баяулады. Бірақ Ренессанс дәуірінде қайтадан қызығушылық артты. Осы кезеңде көптеген князьдар мен аристократтар өздерінің жеке коллекцияларын жинап, оларды қоғамға көрсеткен.

Соңғы он-он бес жылда мұражайлар тақырыбы ерекше маңызды мәселелердің бірі болып қалыптасты. Қазақстанда мұражай ісінің тарихы XIX ғасырдың екінші жартысында бастау алған. 1832–1841 жылдары Орынборда генерал-губернатор В.А. Перовскийдің басшылығымен жұмыс

істеген В.И. Даль қазақ халқының тұрмысын, мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеп, этнографиялық материалдар жинаған. 1913 жылы Қазақстанда бар болғаны үш мұражай жұмыс істеген: Орал мұражайы (1859 жылы ашылған), Семей мұражайы (1898 жылы) және Жетісу мұражайы (1989 жылы). Қазіргі кезде 275 мұражай бар. Оның 271 мемлекеттік мұражайлар болса, 4 мұражай жеке меншік. Қазақстанда мұражайлар тарихи, өлкетану, мемориалдық, табиғи-ғылыми, өнертану, қорық-музейлер және тағы басқалары деп бөлінеді. Мұражайларға ең бай өлке Түркістан (27). Сонымен қатар, 142 ауылдық жерлердегі түрлері бойынша мұражайлар желісіне жатады [5].

Қазақстанда ХХ ғ. басында мұражайға деген көзқарас сыни және жағымсыз тұрғыда болды. Себебі мемлекетке ең бастысы оның экономикалық инфрақұрылымының дамуы және географиялық шеңбері, экономикалық саясаты маңыздырақ болды. Мұражайлар өз қызметін жалғастырып қана қоймай, даму үрдісін одан әрі нығайтты. Мұражайтанушы Г. Файзулина ХХ ғасырдың 90-жылдарын Қазақстан мұражай ісінің қалыптасуы мен эволюциясының жаңа кезеңі ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, бұл кезең ел тарихындағы маңызды оқиғамен тығыз байланысты: 1991 жылы Қазақстан егеменді мемлекет ретінде тәуелсіздікке қол жеткізді. Осы уақыттан бастап, қазақстандық мұражайлар жаңа даму бағытын ұстанды. Мұражай қызметінде жаңа әдістер енгізіліп, мазмұндық құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алды, ұлттық тақырыптарға ерекше назар аударылды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары өзектілендіріліп, мұражай желісі айтарлықтай кеңейді және мұражайлардың жаңа типтері пайда болды [6; 6].

Қазақстан мұражайларының даму және гүлдену шағы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жылдары болатын. Осы бағдарлама шеңберінде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде оның негізгі міндеттері жүзеге асырылды. 2004–2006 жылдары бағдарлама рухани және білім беру салаларын дамытуға, елдің мәдени мұрасын сақтау мен тиімді пайдалану мәселелеріне бағытталды. 2007–2009 жылдары тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру негізгі басымдық болды. Ал 2009–2011 жылдары рухани және білім беру салаларын дамыту үшін ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік негіздерді жетілдірумен қатар, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және оларды тиімді пайдалану механизмдерін әзірлеу міндеттері қойылды. [7] Кейіннен Қазақстандағы мәдени саясат тұжырымдамаларында әрі қарай жалғасын тапты.

К.С. Ермаганбетова мен Синан Озбек “Мұражай — аймақтың танымалдылығын қалыптастырушы құрал” мақаласында Қазақстан мұражайларының аймақтың танымалдылығын қалыптастырудағы рөлі мен

маңыздылығы қарастырылған. Авторлар мұражайларды аймақтың және елдің танымалдылығын арттыру құралы ретінде қарастырып, олардың аймақтық бренд қалыптастырудағы әлеуетін көрсетеді.

Мәдени орталық ретінде - мұражайлар аймақтық мәдени өмірдің орталығы болып табылады, келушілерге шығармашылық дамуға мүмкіндік береді, мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы ретінде - мұражайлар артефактілерді сақтау, зерттеу және насихаттау арқылы мәдени мұраны ұрпақтарға жеткізуші рөл атқарады, аймақты дамытушы «инициатор» ретінде - мұражайлар аймақтың экономикалық және мәдени дамуына ықпал етеді, мәдени бастамалар алаңы ретінде - мұражайлар мәдени іс-шараларды ұйымдастыратын, идеялар мен жобаларды іске асыратын алаңға айналды, өмірлік стандарт эталоны ретінде - мұражайлар жергілікті тарих пен мәдениеттің үлгісі бола отырып, аймақтық бірегейлікті нығайтуға үлес қосады деген пайымда мұражайдың бес негізгі аспектісі айтылған.[8]

Мұражайдың білім беру миссиясы француз зерттеушісі М. Вайолеттің пікірінше, тек өнерді жұртшылыққа қолжетімді ету ғана емес, сонымен қатар көрермендерге өнерді түсіну үшін құралдар беру болып табылады. Оның міндеті — осы процесті ұйымдастыру, солайша көрермендер өздерін «табиғаты бойынша» өнерді түсінбегені үшін айыпты сезінбеуін қамтамасыз ету. Осы мақсатта мұражай білім беру процесі мәдени даярлығы әртүрлі адамдарға бағытталған диалогқа негізделген әңгімені құру принциптеріне сүйенуі керек. [9].

Қазіргі заманғы мұражайға келуші өткен ұрпақтардан айтарлықтай ерекшеленеді. Жаңа ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы визуалды ойлаудың қалыптасу процесіне жауап береді, оны А. Г. Бойко «ақпараттық-коммуникациялық көру» деп сипаттайды [10]. Қазіргі заманның қарқынды визуалды ақпарат ағыны бізді күн сайын қажетті мәліметтерді іздеп, оларды сүзуге мәжбүр етеді. Бұл жағдай визуалды ақпаратты прагматикалық сұрыптауға және өңдеуге басымдық беріп, баяу әрі поэтикалық бақылауға орын қалдырмайды. Ақпараттық-коммуникациялық қабылдау мынадай ерекшеліктермен сипатталады: әртүрлі мазмұн, көлем және ырғақтағы ақпарат пакеттерін бір мезетте қабылдау; өрараптанған, көп арналы визуалды деректерді жедел өңдеу және оларды жаңа контексте біріктіру; визуалды хабарламаларды қарқынды алмасу. Бұл қабылдау түрі «компьютерлік» ақпаратпен және мегаполистердегі визуалды сигналдардың ағынымен үйлесімді қолданылады. Алайда бұл дағды адам өміріне терең еніп, әлемді көру үдерісіндегі бұрынғы эстетикалық ләззаттардың бір бөлігінен айырады. Нәтижесінде, қазіргі көрермен өзін екіұшты жағдайда сезінеді. Бір жағынан, визуалды өнерді түсіну үшін, әлемді тану мен ондағы мән-мағыналарды

байқау қабілетін дамыту үшін көмекке мұқтаж. Екінші жағынан, оның «көпарналы» қабылдау қабілеті заманауи өнердің алуан түрлі формалары мен «цитаталар теңізін» тез әрі тиімді игеруіне мүмкіндік береді. [10]. Соңғы жылдары еуропалық және американдық мұражай конференцияларында музей ісінің парадигмаларының өзгеруі кенінен талқылануда. Бұл өзгеріс «тұтынушылық мәдениеттен» («consumer culture») «қатысу мәдениетіне» («participatory culture») өтумен сипатталады. «Қатысу мәдениеті» ұғымы бастапқыда ақпараттық технологиялар, әсіресе интернет негізінде пайда болған және мәдениет пен мұражайдың жаңа үлгілерін сипаттайды. Бұл феномен жаңа әлеуметтік интернет-технологиялардың қарқынды дамуына негізделген, яғни пайдаланушылар өз уақытын, назарын, білімін, дағдылары мен эмоциялық ресурстарын белсенді түрде жұмсай отырып, әртүрлі платформалар мен ресурстарды бірлесе қалыптастыратын орта қалыптастырды. Мұндай тәсіл мұражайлардың қоғамдағы рөлін қайта қарастыруды талап етеді

Мұражайлар артефактілерді жай көрсету шегінен шығып кетті. Бүгінде олар өнер, қоғам және сыни рефлексия үшін динамикалық мәдени кеңістіктер болуға ұмтылады. Мұражайлар мәдени мұраны түсінуге және қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелерді шешуге маңызды үлес қосып, әртүрлі және инклюзивті кеңістіктер ретінде қызмет етеді.

Болашақ мұражайы шығармашылық өзін-өзі білдіру орталығы ретінде елестетіледі, ол заманауи өнер мен бірлескен практикалар арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесуді қолдайды. Бұл қауымдастықтармен жұмыс істеуді және меншіктік пен тиесілілік сезімін қайта ойластыруды қамтиды [11].

Бұл анықтаманы қабылдау белгілі бір деңгейде сынға ұшырады, бұл заманауи мұражайдың әртүрлі міндеттермен бетпе-бет келетінін, оның күрделілігін атап көрсетуі мүмкін. Бұл сонымен қатар мұражайдың үнемі өзгеріп отыратын концепциясын дәлелдейтін шығар.

Қорытынды

Мұражай аумағы уақыт, географиялық және мәдени шектеулерден тыс орналасады. Тарих пен өнер жәдігерлері өздері-ақ коммуникация құралы ретінде әрекет етіп, адамның көркем, эмоционалдық және интеллектуалдық көріністерінің үлкен әртүрлілігі мен өзгешелігінің айқын куәгерлері болып табылады. Адамзат жетістіктерінің ең көрнекі энциклопедиясы ретінде мұражай өзінің табиғатына қарамастан, білім беру процесінің қуатты құралы бола алады және болып табылады.

XXI ғасырда мұражайлар қоғамдағы рөлін бейімдеу мен қайта ойлауды талап ететін бірқатар жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Бұл сын-қатерлердің негізгі аспектілері: Деколонизация және артефактілерді қайтару,

яғни көптеген мұражайларда колониализм дәуірінде алынған жәдігерлер сақталған, бұл этикалық сұрақтарды және мәдени құндылықтарды олардың шыққан елдеріне қайтару туралы талаптарды тудырады. Технологиялардың дамуымен мұражайлар өз коллекцияларын онлайн форматта қолжетімді етуге ұмтылады, виртуалды көрмелер мен цифрлық мұрағаттар жасайды. Бұл әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде, мұражайларға физикалық қолжетімділік шектелген кезде өзекті болды. Мұражайлар өз қызметіне экологиялық тұрақты тәжірибелерді енгізудің қажеттілігін түсінеді. Бұл энергия тиімді технологияларды пайдалану, материалдарды қайта өңдеу және келушілерді қоршаған орта мәселелері туралы хабардар етуді қамтиды. Қазіргі заманғы мұражайлар әртүрлі мәдениеттер мен қауымдастықтарды таныстырып, инклюзивті болуға тырысады. Олар түрлі әлеуметтік топтарды бейнелейтін көрмелер ұйымдастырып, әлеуметтік мәселелер туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын өткізеді.

Мұражайдың рөлі уақыт өте келе өзгеріп отырды. Егер алғашқы мұражайлар жеке тұлғалардың қызығушылығынан туындаса, қазіргі заманғы мұражайлар қоғамның маңызды институты болып табылады. Олар бізге өткенімізбен байланыстыруға, болашағымыз туралы ойлануға және әртүрлі мәдениеттер туралы білуге мүмкіндік береді.

Осылайша, XXI ғасыр мұражайлары өзгермелі жағдайлар мен қоғам қажеттіліктеріне бейімделе отырып, жаһандық сын-қатерлерді шешуде маңызды рөл атқарады. Олар мәдени мұраны сақтаушылар бола отырып, сонымен қатар диалог, білім беру және әлеуметтік өзгерістер үшін платформа ретінде қызмет етеді.

Ал еліміздің мұражайлары – елдің мәдени мұрасының айнасы. Олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі және қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарады. Қазақстан мұражайларының болашағы зор. Олар жаңа технологияларды қолдана отырып, өз қызметін жетілдіріп, келушілерге әлі де көп жаңалықтар сыйлайтын болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нора, П.** Проблематика мест памяти // Франция-память. СПб., 1999. – 26 с.
- 2 ИКОМ мұражайдың жаңа анықтамасын бекітті. 2022 жылғы 17 қарашада <https://icom.museum/en/news/icom-approves-a-new-museum-definition/> сайтынан алынды.
- 3 **Суворова, А. В.** Роль музея в сохранении культурного наследия // Культура и цивилизация. – 2016. – Т 6. – № 5А. – 391 с.

4 **Курьянова, Т. С.** Музей и нематериальное культурное наследие // Культурология. – 2012. – №5. – 55 с.

5 Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/official/industry/21/statistic/>.

6 **Файзулина, Г.** Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения: сб. ст. / Г. Файзулина. – LAP Lambert Publishing, 2012. – 308 с.

7 Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <http://www.madenimura.kz>

8 **Ермаганбетова, К. С., Синан Озбек.** Мұражай – аймақтың танымалдылығын қалыптастырушы құрал // Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – №2 (86). – 2017. – 38–46 б.

9 **Marion, Viollet.** Between cultural democratization and the preservation of artistic integrity : constructing cultural mediation for contemporary art. [Электронный ресурс]. – URL: <http://chmcc.hypotheses.org/958>

10 **Юнг, Ю.** Невежественный музей: превращение элитарного музея в инклюзивное учебное место. В книге Н. Абери (ред.), Новое музейное сообщество: аудитории, вызовы, преимущества, (стр. 272–291). Эдинбург: музеи и т.д. Проверено 16 ноября 2022 г. с https://www.researchgate.net/publication/283081219_The_ignorant_museum_Transforming_the_elitist_museum_into_an_inclusive_learning_place

11 **Этгес, А. и Дин, Д.** Международный совет музеев и спор о новом определении музея – беседа с Лораном Бонилья-Мерчавом, Бруно Брюлоном Соаресом, Лонни Г. Банчем III, Бернис Мерфи и Мишель Риве. Международная публичная история. – 5(1). – 2022. – С. 19–27. <https://doi.org/10.1515/iph-2022-2039>

REFERENCES

1 **Nora, P.** Problematika mest pamiati [The Problematic of Memory Sites] // France-Memory. – St. Petersburg, 1999. – P. 26.

2 ICOM murazhailyngh zhana anyktamasyn bekitty. 2022 zhylgy 17 karashada saitynan alyndy <https://icom.museum/en/news/icom-approves-a-new-museum-definition/>

3 **Suvorova, A. V.** Rol muzeia v sokhranении kulturnogo naslediya // Kultura i tsivilizatsiya. [The Role of Museums in Preserving Cultural Heritage // Culture and Civilization]. – 2016. – Т. 6. – № 5 А. – 391 p.

4 **Kuryanova, T. S.** Muzei i nematerialnoe kulturnoe nasledie [Museums and Intangible Cultural Heritage] // Kulturologiya. – 2012. – № 5. – 55 p.

5 Ofitsial'nyi sait Komiteta po statistike Ministerstva natsional'noi ekonomiki Respubliki Kazakhstan. [Official website of the Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan] Rezhim dostupa: <https://stat.gov.kz/official/industry/21/statistic/>.

6 **Faizulina, G.** Sovremennyyi muzei v Kazakhstane: voprosy, fakty, mneniya: sb. st. [The Modern Museum in Kazakhstan: Questions, Facts, Opinions: Collected Articles] / G. Faizulina. – LAP Lambert Publishing, 2012. – 308 p.

7 Kazakhstan Respublikasynyn «Madenimura» memlekettik bagdarlamasy. – [Elektrondyk resurs]. [The State Program «Cultural Heritage» of the Republic of Kazakhstan.] – Kolzhetym zhaily: <http://www.madenimura.kz>.

8 **Ermaganbetova, K. S., Sinan Ozbek.** Murazhai – aimaqtyng tanyлдыlygyn qalyptastyru shy qural [Museum as a Tool for Forming Regional Recognition] // Vestnik Karagandinskogo universiteta Seriya Istoriya. Filosofiya. – № 2 (86). – 2017. – S. 38–46.

9 **Marion, Viollet.** Between cultural democratization and the preservation of artistic integrity: constructing cultural mediation for contemporary art. [Elektronnyy resurs]. – URL: <http://chmcc.hypotheses.org/958>.

10 **Iung, Iu.** Nevezhestvennyy muzei: prevrashchenie elitarnogo muzeia v inkluzivnoe uchebnoe mesto. [The Ignorant Museum: Transforming the Elitist Museum into an Inclusive Learning Place.] V knige N. Aberi (red.), Novoe muzeinoe soobshchestvo: auditorii, vyzovy, preimushchestva, (pp. 272–291). Edinburg: muzei i t.d. Provereno 16 noiabria 2022 g. s https://www.researchgate.net/publication/283081219_The_ignorant_museum_Transforming_the_elitist_museum_into_an_inclusive_learning_place.

11 **Etges, A. i Din, D.** Mezhdunarodnyi sovet muzeev i spor o novom opredelenii muzeia – beseda s Loranom Bonilya-Merchavam, Bruno Briulon Soaresom, Lonni G. Banchem III, Bernis Merfi i Mishel' Rive. Mezhdunarodnaya publichnaya istoriya [The International Council of Museums and the Debate on the New Definition of a Museum – A Conversation with Laurent Bonilla-Merchavam, Bruno Brulon Soares, Lonnie G. Bunch III, Bernice Murphy, and Michel Rivaud. International Public History]. – 5(1). – 2022. – S. 19-27. <https://doi.org/10.1515/iph-2022-2039>.

28.04.24 ж. баспаға түсті.

03.05.24 ж. түзетулерімен түсті.

10.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. Қ. Мұхаметжан

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 28.04.24

Поступило с исправлениями 03.05.24

Принято в печать 10.05.24.

МУЗЕИ – КУЛЬТУРНАЯ ОПОРА СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

В данной статье исследуется роль музеев как культурной опоры современного общества. Рассматриваются их функции в сохранении исторического наследия, культурном просвещении и решении социальных проблем. Особое внимание уделено цифровизации, инклюзии и развитию межкультурного диалога как новым аспектам деятельности музеев. Также анализируются исторические этапы развития музейного дела в Казахстане и современные тенденции, связанные с сохранением национальной идентичности и формированием региональной уникальности. Музеи представлены не только как свидетели прошлого, но и как центры образования, исследований и культурной активности. В статье рассматривается их роль в развитии креативной экономики и культурного туризма, а также их влияние на социальные и культурные процессы на локальном и национальном уровнях. Акцент сделан на важности применения современных технологий, создания инклюзивной среды и реализации инновационных проектов. В условиях глобальных вызовов деятельность музеев переосмысливается, что делает их ключевыми участниками социальных и культурных преобразований. Представленные выводы имеют практическую ценность для разработки рекомендаций по развитию музейного дела в Казахстане.

Ключевые слова: музей, культурное наследие, историческое наследие, цифровизация, инклюзия, межкультурный диалог, региональная идентичность, социальное влияние, культурный туризм, креативная экономика.

*S. K. Mukhametzhana

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 28.04.24.

Received in revised form 03.05.24.

Accepted for publication 10.05.24.

MUSEUMS – THE CULTURAL PILLAR OF MODERN SOCIETY

This article examines the role of museums as cultural pillars of modern society. It explores their functions in preserving historical heritage, promoting cultural education, and addressing social issues. Special attention is given to digitalization, inclusion, and the development of intercultural dialogue as emerging aspects of museum activities. The article also analyzes the historical stages of museum development in Kazakhstan and contemporary trends related to the preservation of national identity and the formation of regional uniqueness.

Museums are presented not only as witnesses of the past but also as centers for education, research, and cultural initiatives. The study highlights their role in fostering creative economies and cultural tourism, as well as their influence on social and cultural processes at local and national levels. Emphasis is placed on the importance of adopting modern technologies, creating inclusive environments, and implementing innovative projects. In the context of global challenges, museum activities are being redefined, positioning them as pivotal participants in social and cultural transformations. The findings offer practical value for developing recommendations to advance museum practices in Kazakhstan.

Keywords: museum, cultural heritage, historical heritage, digitalization, inclusion, intercultural dialogue, regional identity, social impact, cultural tourism, creative economy.

Теруге 10.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

466 Kb RAM

Шартты баспа табағы 3,9.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4337

Сдано в набор 10.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

466 Kb RAM

Усл.печ.л. 3,9. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: Шокубаева З. Ж.

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4337

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-humanitar.tou.edu.kz